

Шығыс Қазақстан облысындағы бұрынғы Семей сынақ ядролық полигонының аумағындағы жер учаскелерін ауыстыру және беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 тамыздағы № 891 қаулысы.

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 105, 138, 143-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Шығыс Қазақстан облысының бұрынғы Семей сынақ полигоны аумағындағы босалқы жер санатынан алаңы 119,03 гектар жер учаскелері өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер санатына ауыстырылсын.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес "Казцинк" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі – кәсіпорын) кәсіпорынның өнеркәсіптік қалдықтар полигонын салу және пайдалану үшін осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскелеріне 2024 жылға дейінгі мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы берілсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 26.12.2018 № 887 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Серіктестік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ауыл шаруашылығы алқаптарын ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін оларды алып қоюдан туындаған ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджет кірісіне өтесін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 5 тамыздағы
№ 891 қаулысына
қосымша

"Казцинк" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығымен берілетін жер учаскелерінің экспликациясы

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 26.12.2018 № 887 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р / с №	Жер учаскесінің жалпы алаңы, гектар	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқық беру мерзімі

1	2	3	4
1.	50,0	өнеркәсіп қалдықтарын сақтау орнын салу және пайдалану үшін	2024 жылға дейін
2.	18,4	автожолы бар электр беру желісін пайдалану үшін	2024 жылға дейін
3.	7,93	автожолды пайдалану үшін	2024 жылға дейін
4.	42,7	теміржолды пайдалану үшін	2024 жылға дейін
Барлығы	119,03		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК